



Автор: Альменова Айнура Қуанышкереевна

Пән: Әдебиеттік оқу

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Адами құндылықтар

Тақырып: «Менің отбасымдағы адамдар» Ә.Нұршайықов Немере мәтіні

Сабақтың оқу мақсаттары:	2.1.1.1 Тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру. 2.2.6.1 Кейіпкерлердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау. 2.3.3.1 Шығармашылық жұмысын мұғалімнің көмегімен сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер арқылы ұсыну.
Сабақтың мақсаттары:	Барлық оқушылар: Тыңдаған материал бойынша сөздерді белгілеу. Мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап бере отырып кейіпкерге мінездеме беру. Көптеген оқушылар: Сұрақтарға жауап беру арқылы кейіпкердің мінез-құлқы мен іс-әрекетін сипаттау. Кейбір оқушылар: Шығарманы өз түсінігі бойынша әңгімелеу, талдау. Мәтінің негізгі ойын айту, кейіпкерлердің мінез құлқы мен іс-әрекетін бағалау. Отбасы туралы сурет салып шығармашылық жұмысын ұсынады.
Ойлау дағдылары	Білу, түсіну, қолдану, талдау, бағалау
Тілдік мақсат	Меселін қайтару-көңілін түсіру.
Құндылықтарды дарыту	Ынтымақтастық – топтық, жұптық жұмыстарды орындау барысында
Бағалау критерийлері	Шығарманы тыңдайды. Мәтінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Мәтіндегі түсінбеген сөздерді белгілейді. Мәтіндегі кейіпкерге сипаттама беріп, кейіпкердің іс-әрекетін бағалайды. Отбасы туралы сурет салып шығармашылық жұмысын ұсынады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5мин)	йымдастыру бөлімі Аудио жазбадан Заттыбек Көпболсынұлының «Немере» әнін тыңдатып ширату жаттығуын жасау. «Аквариум » әдісін жүргізу арқылы бүгінгі жаңа сабақтың тақырыбы ашып, мақсаты хабарлаймын. «Аквариум » әдісінің мақсаты арқылы оқушыларға туыстық атауларды естеріне түсіру. Бүгінгі жаңа сабақтың тақырыбын ашу. Нұсқау: Тақтада аквариумның суреті ілініп тұрады. Оқушылар балық салынған суреттің артындағы сұрақтарға нақты жауап беріп балықты суға жібереді. 1 Әкеңнің әкесі кім? 2 Отбасындағы отағасы кім? 3 Ең қымбат мейірімді жан? 4 Ағайынды адамдар бір-біріне кім болады? 5 Ұлдан кіші қыз баланы қалай айтады? 6 Сен әкеңе кім боласын? 7 Қыйын кезде қасыңнан табылатын кім? 8 Сіздердің отбастарында кімдер бар? 9 Олар сіздерді қалай еркелетеді? Оларды бір сөзбен не деп айтады? Отбасы	Аквариумның суреті Бейресурстар
Сабақтың ортасы (30мин)	Жазушы Әзілхан Нұршайықовпен оқушыларды таныстырып, «Немере» мәтінін оқып беремін. Тыңдалым (ТЖ) «Балықтар сөйлейді» әдісінің мақсаты (оқылған мәтінді қаншалықты деңгейде түсінгендігін білу) Тапсырма: Мәтіндегі түсінбеген сөздерді мәтіннен тауып, мағынасын түсіндіру. Нұсқау: Оқушылар шеңберге отырып мәтіннің түсінгендігін кезек-кезек айтады. Дескриптор: Мәтіннен түсінбеген сөздерді белгілеу. Мағынасын түсіндіру. ҚБ: Жарайсың, өте жақсы сөздерін айтып оқушыларды ынталандыру.	Әзілхан Нұршайықов Бейресурстар Шығыс Қазақстан облысында 15 желтоқсан 1922ж дүниеге келеген. Қазақ жазушысы Ұлы отан соғысына қатысқан

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сергіту сәті	Басбармағым – атам Балан үйрек - әжем, Ортан терек – әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкене бөбек – мен. Бір үйде біз нешеуіміз, Бір үйде біз бесеуіміз ТЖ: «Сюжеттік кесте» әдісінің мақсаты(кейіпкерге сипаттама беру) Нұсқау: Мәтінге байланысты сурет салып . Тапсырма:Мәтіндегі кейіпкерлердің суреттері беріледі.Сол суретке қарап оқушылар кейіпкерге сипаттама береді. Дескриптор: Мәтіндегі кейіпкерлерге сипаттама береді. Бағалау:«Графикалық» әдіс арқылы мадақтама сөздері жазылған жұлдызшалармен бағаланады. ЖЖ «Сөйлеп үйрен» әдісінің мақсаты (отбасы туралы сурет салып өз жұмысы туралы мәтін құрастырады) Нұсқау:. Тақырып бойынша шығармашылық жұмысын сурет арқылы ұсынып,тақырып бойынша мәтін жазады. ТапсырмаБерілген суретке қарап бос орынға «Менің отбасым» тақырыбына сурет салады. Суретке сәйкес шағын мәтін құрастырырады.Шығармашылық жұмысын қорғайды 5e072cdb736e9.png Image not found or type unknown Дескриптер: 1 Суретке қарап «Менің отбасым» тақырыбына сурет салу 2 Суретке қарап шағын мәтін құрастыру 3 Берілген суретті тақырыпқа сай ашу ҚБ: «Отшашу» тәсілі бойынша өзін – өзі бағалайды.	5e072c89d6938.png Image not found or type unknown
Сабақтың соңы (5 мин)	Еркін микрофон әдісі (сабақты сұрақтар арқылы бекіту мақсатында алынады) Нұсқау:Оқушыларға микрофонды ұсынып мәтінге байланысты сұрақтар қояды.Микрофонға қызыға отырып оқушылар қойылған сұраққа еркін жауап береді. 1 Отбасына кімдер жатады? 2 Біз қандай мәтін оқыдық? 3 Мәтіннің авторы кім?Әзілхан Нұршайықов 4 Ақай қалай оқиды?Жақсы 5 Ақай қандай кітапты әжесіне оқып берді ? Қобыланды батырдың ҚБ: Жарайсың! Өте жақсы сөздерін айтып оқушыларға шабыт беру.	5e072cffb70cc.png Image not found or type unknown